

Жергілікті ауқымда техногендік сипаттағы төтенше жағдай жариялау туралы

Қарағанды облысы Жезқазған қаласының әкімінің 2021 жылғы 1 наурыздағы № 01 шешімі. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2021 жылғы 1 наурызда № 6220 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 33 бабының 1 тармағының 13) тармақшасына, "Азаматтық қорғау туралы" Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 11 сәуірдегі Заңының 48 бабына және 50 бабының 2 тармағының 2) тармақшасына, Жезқазған қаласының төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою жөніндегі комиссия отырысының 2021 жылғы 01 ақпандағы №1 хаттамасы негізінде, Жезқазған қаласының әкімі ШЕШТІ:

1. Авариялық жағдайдың туындау қаупіне байланысты, адам өліміне әкеп соқтыруы мүмкін Жезқазған қаласының Абай көшесіндегі №53, 55, 57, 59, 63, 69 көп пәтерлі үйлерде, Байқоңыров көшесіндегі №22, 26, 28, 30, 32, 34, 36, 42, 44, 48, 50 көп пәтерлі үйлерде, Омаров көшесі, №30 көп пәтерлі үйде, Некрасов көшесі, №13 көп пәтерлі үйде, Бейбітшілік көшесі, №3 көп пәтерлі үйде, Алашахан көшесі, №24 (4-кіреберіс) көп пәтерлі үйде, Жеңіс көшесі, №11 көп пәтерлі үйде, Шевченко көшесі, 23 (1-ші кіреберіс) көп пәтерлі үйде, Железнодорожная көшесі, №19 көп пәтерлі үйде жергілікті ауқымда техногендік сипаттағы төтенше жағдай жариялансын.

2. Төтенше жағдайды жою басшысы болып Жезқазған қаласы әкімінің орынбасары Қайрат Мұратбекұлы Бапанов тағайындалсын.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Жезқазған қаласының әкімі

К. Абсаттаров